

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Денсаулық сақтаудың медициналық және экономикалық проблемалары ғылыми орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 28 шілдедегі N 716 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Денсаулық сақтаудың медициналық және экономикалық проблемалары ғылыми орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Денсаулық сақтауды дамыту институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - кәсіпорын) болып қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі кәсіпорынды мемлекеттік басқару органы болып белгіленсін.

3. Кәсіпорын қызметінің негізгі мәні денсаулық сақтау мен ғылым саласындағы өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру болып белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі заңнамада белгіленген **т ә р т і п п е н** :

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне кәсіпорын Жарғысын бекітуге ұсынсын;

2) кәсіпорынды әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтыру мен **ө з г е р і с** **е н г і з і л с і н** :

1) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен;

2) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.09.2014 № 1005 қаулысымен.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796; 23.09.2014 № 1005 қаулыларымен.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*